

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1775 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 26 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 30 маусымдағы N 195 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 22 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2455

Валюта заңдарының мәселелерін реттеу және Қазақстан Республикасынан капиталдың әкетілуіне бақылау жасаудың тиімді тетігін құру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 26 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1775 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2002 жылғы 11-24 наурызда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау ережесінде:

барлық мәтін бойынша "Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Дюгай Н.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және екінші деңгейдегі банктерге ж і б е р с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З.Айманбетоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

Төрағасы

*К е л і с і л д і*  
*Қазақстан Республикасының*  
*Экономика және бюджетті*  
*жоспарлау министрі*

-----

\_\_\_\_\_ 2003 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК